

"Н. Әбдіров атындағы спорт комбинаты" мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 ақпан N 285

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Н. Әбдіров атындағы спорт комбинаты" мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Нұркен Әбдіров атындағы спорт комбинаты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) деп қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі уәкілетті орган, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 48, 426-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 1998-1999 жылдары жекешелендіруге жататын мекемелердің тізбесінде:

реттік нөмірі 9-жол алынып тасталсын;

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі